

Қазақстан Республикасы бойынша 2023 жылғы мамыр айына консультативтік ауа райы болжамы

Мамыр айында көктемгі кезең аяқталып, жазға көшу жүзеге асырылады. Мамыр айы үшін құбылмалы ауа-райы, жылудың біркелкі емес жоғарылауы, ұзақ жылы ауа-райынан кейін суық ауа райының оралуы тән. Мамырдың бірінші онкүндігінде орташа тәуліктік ауа температурасы республиканың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$, мамырдың соңында Қазақстанның оңтүстік облыстарында $+20^{\circ}\text{C}$ арқылы тұрақты ауысуы күтіледі. Үсік әдетте Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінде мамырдың бірінші жартысында, ал солтүстік аймақтарда айдың соңында аяқталады. Бірақ кейбір жылдары республиканың батысы мен оңтүстік-шығысында үсік айдың соңына дейін, ал еліміздің солтүстік жартысында тіпті маусымда да байқалуы мүмкін.

Орташа айлық ауа температурасы сәуірден мамырға дейін жоғарылауды жалғастыруда, бірақ сәуірдегідей қарқынды емес. Сәуірден мамырға дейінгі көпжылдық деректер бойынша жауын-шашын мөлшері Қазақстанның солтүстік жартысында және оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы аймақтарында артып, бір айда еліміздің солтүстік жартысында 21-52 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың және шығыстың таулы аймақтарында 100-200 мм құрайды. Республиканың оңтүстік-батысында және оңтүстіктің шөлді аймақтарында жауын-шашын мөлшері 6-16 мм-ге дейін азаяды.

2023 жылдың мамыр айында республика аумағында циклондар мен антициклондардың ауысуы кезінде ұзақ ыстық күндер де, жаңбырлы және салқын күндер де байқалатын болады. Оңтүстік және Батыс циклондармен байланысты атмосфералық фронттардың өтуімен жаңбыр найзағаймен және екпінді желмен, ҚР-ның оңтүстігі мен батысында бұршақ пен шаңды дауылмен ауа-райының тұрақсыз сипаты байқалатын болады.

Мамырдың бірінші онкүндігінің бірінші жартысында еліміздің *батысында, оңтүстік жартысында* жаңбыр мен найзағай, кейде қатты жаңбыр күтіледі, ал ҚР шығысында мамырдың алғашқы күндерінде жаңбырдың жылбысқы қарға ауысуы мүмкін. Желдің екпіні 15-25 м/с дейін күшеюі күтілуде.

Мамыр айының басында Солтүстік антициклон республиканың басым бөлігінде ауа температурасының төмендеуіне әкеледі, түнгі уақытта Қазақстанның солтүстігінде, орталығы мен шығысында, сондай-ақ республиканың оңтүстік-шығысының солтүстік пен таулы аудандарында $1-8^{\circ}$ үсік күтіледі. Алайда, мамырдың бірінші онкүндігінің ортасынан бастап Оңтүстік циклонның шығуымен республиканың *солтүстігінде, орталығында* және *шығысында* температуралық фон біртіндеп түнде $-1-10^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Бірінші онкүндікте ауа температурасы еліміздің *оңтүстігінде* түнде $+8+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін; ҚР *батысында* түнде $+15+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

ҚР оңтүстік-шығысында ауа температурасының түнде $+8+15^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады, онкүндіктің соңында температура фоны түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қайтадан жоғарылауы күтіледі;

Мамырдың екінші және үшінші онкүндігінде Қазақстанның батысында, орталығында, оңтүстік жартысында, айдың үшінші онкүндігінде еліміздің солтүстігі мен шығысында Иран және Орта Азияның аудандарынан жылы ауа массаларының шығуына байланысты, жаз мезгіліндегідей ыстық ауа райы болжанады, түнде ауа температурасы $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Республиканың солтүстік, орталық және шығыс аймақтарында Ресей аумағынан суық ауа массаларының енуі кезінде термометрлердің бағандары түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, ал кейбір күндері $1-6^{\circ}$ -қа дейін үсік, күндіз $+8+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі мүмкін, оңтүстік аймақтарда және еліміздің батысында жылудың төмендеуі күтіледі, ауа температурасы түнде $+2+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Ескерту: бір айға арналған болжамды консультативтік ретінде пайдалану керек, ол кейіннен синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіледі және онкүндікке арналған ауа райы болжамдарымен нақтыланады.

Гидрометеорталықтың директоры

М. Шмидт

АРҰМББ басшысы

Ж. Исабекова

АРҰМББ басшысы Ж.Исабекова,

☎8(7172) 798-395

30.04.2023ж.